



БАЛАҒА МЕЙІРІМДІ ҚАЛА

Бастаманы Қазақстан Республикасында
жүзеге асыру әдістемесі





БАЛАҒА МЕЙІРІМДІ ҚАЛА

Бастаманы Қазақстан Республикасында
жүзеге асыру әдістемесі

УДК 347.61/64
ББК 67.404.4
Б 22

Б 22 Балаға мейірімді қала.
Бастаманы Қазақстан Республикасында жүзеге асыру әдістемесі.
68 бет. Астана қ., 2015 ж.

ISBN 978-601-7523-26-8

Аталмыш басылымда «Балаға мейірімді қала» бастамасын Қазақстан Республикасында кезең-кезеңмен жүзеге асыру үдерісі сипатталған, сонымен қатар, қалаларда және аудандарда балалардың хал-ахуалын қадағалаудың және бағалаудың сарамандық құралдары қамтылған.

Әдістеме Қазақстандағы БҰҰ Балалар қорымен (ЮНИСЕФ) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің қолдауымен әзірленген. Осы басылымда келтірілген пікірлер авторларға тиесілі және міндетті түрде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің және Қазақстандағы БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) ресми көзқарасын білдірмейді.

Бұл басылым тегін таратылады. Шолудан алынған ақпаратты қайта басқан, одан дәйексөз келтірген немесе пайдаланған жағдайларда аталмыш басылымға сілтеме жасау міндетті болып табылады.

УДК 347.61/64
ББК 67.404.4

Әрлеу, беттеу: Даниил Здоров.
Мұқабадағы сурет: Асыл Барақов, Астана қ.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Балалардың құқықтарын қорғау комитеті
Қазақстан Республикасы, 010000
Астана қаласы, Сол жағалау
Министрліктер үйі, 11-ші кіреберіс
Тел.: +7 7172 74 23 42, +7 7172 74 19 94
www.bala-kkk.kz

Қазақстан Республикасындағы БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ)
Қазақстан Республикасы, 010000
Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 10А
Тел.: +7 7172 32 17 97, +7 7172 32 29 69, +7 7172 32 28 78
www.unicef.kz, www.unicef.org

ISBN 978-601-7523-26-8

Мазмұны

Қысқартулар тізімі	4
Кіріспе	5
«Балаға мейірімді қала» түсінігі нені білдіреді?	7
«Балаға мейірімді қала» бастамасының әлемдегі және Қазақстандағы тарихы	8
«Балаға мейірімді қала» бастамасына қатысу маңыздылығы	9
«Балаларға мейірімді қала (аудан)» болудың жолдары: кезең-кезеңмен болатын үдеріс	10

Қазақстан үшін таңдалған индикаторлар негіздемесі және балалардың жағдайын бағалау үдерісі	11
1. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бала құқықтарын іске асырудағы қызметін бағалау	12
2. Салалық бағдарламалар мен іс-шаралар жоспарларының нәтижелерін бағалау	12
3. Қаланың немесе ауданның балаларға мейірімділігіне қатысты балалардың өз пікірлерін бағалау	17

Қосымшалар

I қосымша: «Балаға мейірімді қала» бастамасын жүзеге асыруға қажетті жағдайлардың болуына байланысты әкімдіктер мен мүдделі аумақтық органдарға арналған бағалау парағы	19
II қосымша: Қалалардың (аудандардың) балаларға мейірімділік индикаторлары	25
III қосымша: Қалалардың балаларға мейірімділік индикаторлары үшін деректер жинау бойынша нұсқаулық	29
IV қосымша: Қаланың балаларға мейірімділігі бойынша 8–12 жастағы балаларға арналған сауалнама	45
V қосымша: Қаланың балаларға мейірімділігі бойынша 13–17 жастағы балаларға арналған сауалнама	53
VI қосымша: «Қаладағы (аудандағы) балалардың жағдайы» есебін дайындау бойынша нұсқаулық	63

Библиография	67
---------------------------	----

Қысқартулар тізімі

БАБЖ	Балалардың ауруларын біріктіріп жүргізу
БМҚ	Балаға мейірімді қала
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ДДСҰ	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
МДМ	Мыңжылдық Даму Мақсаттары
ЮНИСЕФ	БҰҰ Балалар қоры
ЮНФПА	БҰҰ Халық саласындағы қоры
IQ	Зияткерлік коэффициенті

Кіріспе

Балаға мейірімді қала – бұл балалар мен жастардың жан-жақты дамуына және қоғамдық өмірге шынайы араласуына жағдай жасалған қала.

Балаға мейірімді қалалар құру қағидасы үдемелі қалалану және әр азаматтың, соның ішінде, балалар мен жастардың жергілікті билікпен қабылданатын шешімдерге және жүзеге асырылатын бағдарламаларға ықпал етудегі маңызының артуы тұрғысынан айрықша өзекті.

Аталмыш әдістеме «Балаға мейірімді қала» бастамасының маңыздылығын, Қазақстан Республикасындағы бастамаға қосылу кезеңдерін және ресми дерек көздерінен сандық мәліметтер жинау және әртүрлі жас санатындағы балалар арасында сауалнама жүргізу сияқты балалар хал-ахуалын қадағалаудың және бағалаудың көпшілік мойындаған әдістемелерін түсіндіреді.

Бұл әдістемені «Балаға мейірімді қала» баста-

масын жүзеге асырудың халықаралық тәжірибесін зерттеу негізінде Италияның Триест қаласындағы «Еуропалық ана, сәби, бала және жасөспірім денсаулығы мектебінің» сарапшылары профессор Джорджио Тамбурлини, Рафела Скиро және Ильхом Гафуров әзірледі.

Әдістемені әзірлеуге Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің қызметкерлері Аяш Мәкенова, Гүлнаш Қошқарова және Клара Сейдахметова, сондай-ақ, өз елді мекендерінде «Балаға мейірімді қала» бастамасын іске асыруға жауапты 17 қала мен 4 ауданның өкілдері қолдау көрсетті. Сонымен қатар, ЮНИСЕФ өкілдері Дамир Қожанбаев пен Анна Стативкина үйлестіру, кеңес беру және ұйымдастыру тұрғысынан көмек көрсетті.

«Балаға мейірімді қала» түсінігі нені білдіреді?

Балаға мейірімді қала дегеніміз (бұдан әрі – БМҚ) – балалар мен жастардың жан-жақты және толыққанды дамуға, қоғам өміріне белсенді және шынайы қатысуға, өздерінің мүдделерін қозғайтын мәселелерге қатысты шешімдер қабылдауға мүмкіндіктері бар қала; бұл жынысына, денсаулығының жай-күйіне, әлеуметтік жағдайына, ұлтқа тиістілігі және діни сеніміне қарай кемсітушілікке орын жоқ қала.

Балаға мейірімді қалада жергілікті атқарушы органдар, мекемелер, балалар мен жастардың бірлестіктері, барлық тұрғындар Бала құқықтары туралы конвенцияда мазмұндалған балалардың құқықтарын іске асыру үшін барлық күш-жігерін жұмсайды. Мұндай қалада балалардың пікірлеріне құлақ асады және оларды жергілікті даму бағдарламаларын әзірлеу барысында ескереді.

Бастаманың мақсаты балалар мен жастардың өмірлерін жақсарту болып табылады және ол жас тұрғындардың мынадай құқықтарын іске асыру арқылы жүзеге асырылады:

- өздері тұрып жатқан қаланы қалай көргісі келетіні туралы өз пікірлерін білдіру;
- өздері тұрып жатқан қалаға қатысты шешім қабылдауға ықпал ету;
- отбасы мен қоғам өміріне араласу;
- медициналық қызмет, білім беру және тұрғын үй жағдайларын қоса алғанда, негізгі қызметтерге қол жеткізу;
- қауіпсіз ауызсуды пайдалану және қажетті санитарлық-гигиеналық жағдайларға қол жеткізу;
- қанаудан, зорлық-зомбылықтан және ұрып-соғудан қорғалу;
- өсімдік және жануарлар әлеміне қол

жеткізу;

- көшеде өміріне қауіп төнбейтіндей жағдайда өз бетімен жүріп-тұру;
- достарымен кездесіп, ойнау;
- ластанбаған қоршаған ортада өмір сүру;
- қаланың мәдени және әлеуметтік өміріне қатысу;
- өз қаласының (ауданының) тең құқылы азаматы болу, этникалық шығу тегіне, дініне, отбасының табысына, жынысына және дене бітімінің даму ерекшеліктеріне қарамастан, қызметтерге қол жеткізу¹.

¹ Балаларға мейірімді қалаларды құру: іс-қимылдар жасау негізі, ЮНИСЕФ Зерттеу орталығы, наурыз 2004

«Балаға мейірімді қала» бастамасының әлемдегі және Қазақстандағы тарихы

Жергілікті атқарушы органдардың балалардың құқықтарын іске асырудағы маңызды рөлі тұңғыш рет ресми түрде 1992 жылы Дакар (Сенегал) қаласында жария етіліп, онда БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) «Мэрлер – балаларды қорғаушылар» бастамасы бастау алған еді.

Төрт жыл өткен соң (1996 ж.), Түркияның Ыстамбұл қаласында БҰҰ-ның елді мекендер бойынша Екінші конференциясының қарарына жауап ретінде «Балаға мейірімді қала» бастамасы ресми түрде басталды. Осы конференцияда балалардың әл-ауқаты саламатты өмір сүру ортасының, демократиялық қоғамның және мемлекеттік билік органдарының жауапты жұмысының негізгі көрсеткіші болып табылатыны танылды.

Бастапқыда «Балаға мейірімді қала» бастамасы ірі қалаларға арнап әзірленсе де, бірақ келе-келе бастамаға деген қызығушылық артып, оған басқа шағын елді мекендер де қосыла бастады.

2000 жылы Флоренцияда (Италия) бастаманы іске асыру бойынша сараптамалық көмек көрсету үшін «Балаға мейірімді қала» бастамасының Халықаралық хатшылығы мен оның интернет-ресурсы www.childfriendlycities.org құрылды. 2010 жылдан бастап ресурстық-әдістемелік қызмет Флоренциядағы Хатшылықтан Нью-Йорктегі БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) штаб-пәтеріне ауысты.

Бастама көптеген серіктестерді – орталық және жергілікті билік органдарын, үкіметтік емес және қоғамдық бірлестіктерді, ұлттық және халықаралық ұйымдарды, сарапшылар мен ғылыми мекемелерді, бизнес-құрылымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарын, ең бастысы, балалар мен жастар ұйымдарын тартты. Қазақстанда «Балаға мейірімді қала» халықаралық бастамасын Қазақстандағы БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) қолдауымен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия іске асыруда.

2008–2009 жж. өзінде-ақ бастамаға қосылған алғашқы қалалар Сәтпаев, Саран, Семей, Өскемен, Ақсу, Павлодар және Алматы қаласының Алмалы ауданы болды.

Қазіргі кезде бастамаға Астана, Қарағанды, Шымкент, Екібастұз, Ақсай, Петропавл, Қызылорда, Балқаш, Ақтөбе, Қостанай, Ақтау қалаларын, сонымен қатар Қарағанды облысының Абай, Осакарка және Нұра аудандарын қоса алғанда, еліміздің 21 қаласы мен ауданы қатысуда.

Бастамаға қатысушы қалалардың бірінде мерзімді түрде балаға мейірімді қалалардың ұлттық форумы өткізіліп тұрады. Бұл форумда қалалар мен аудандар бастаманы іске асыру аясында қол жеткізген нәтижелерімен бөліседі.

Орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен жүргізілген консультациялар негізінде және халықаралық озық тәжірибелерге сүйене отырып, Қазақстанға арналған балаларға мейірімді қалаларды тану жүйесі әзірленді.

«Балаға мейірімді қала» бастамасына қатысу маңыздылығы

Барлық кезеңдерден жақсы нәтижелерге ие болғаны және қаланың (ауданның) ілгерілеушілікке жеткені туралы дәлелдер ұсынғаны

үшін балаға мейірімді қала (аудан) атағы беріледі.

Бастама қалалардың, аудандардың және ауылдардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарына балалардың құқықтарын жергілікті стратегиялар мен даму бағдарламаларының негізгі компоненті ретінде енгізуіне көмектеседі.²

Бастама бірнеше маңызды үрдістерді; ауыл халқының жедел қарқынмен қалаға шоғырлануын (урбанизация); билік органдарының мемлекеттік басқаруды орталықтың иелігінен алу контекстінде тұрғындардың алдында өсіп келе жатқан міндеттерін; еліміздің саяси және экономикалық жүйелеріндегі қалалар мен елді мекендердің өсіп келе жатқан мәнін ескере отырып туындағандықтан оның маңызы зор. Бастама Бала құқықтары туралы конвенцияны балалардың өміріне неғұрлым тікелей әсер ететін деңгейде жүзеге асыруға ықпал етеді.

«Балаға мейірімді қала» бастамасының бұл әдістемесі қалаға (ауданға) олардың жергілікті басқару, инфрақұрылым және қызмет көрсету жүйелеріне қатысты барлық аспектілерде балаларға неғұрлым мейірімді болуы үшін көмек ретінде бағытталған. Бастама жергілікті билік органдарының құрылымы мен қызметі бойынша балалардың құқықтары тұрғысынан тиісті шешімдер қабылдау үдерісіне балалардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету, сондай-ақ негізгі қызметтерге қол жеткізуге тең құқықты қамтамасыз ету үшін қажетті тоғыз элементтен тұрады. Олар мыналар:

1 Балалардың қатысуы
Балалар мен жастардың өз мүдделеріне

қатысты шешім қабылдау үдерісіне қатысуы; балалар мәселелері бойынша шешім қабылдаған кезде олардың пікірлерін тыңдау және назарға алу.

2 Балаларға мейірімді заңнамалық база
Барлық балалардың құқықтарын біртіндеп ілгері жылжытатын және қорғайтын нормативтік-құқықтық базаны қамтамасыз ету.

3 Балалардың құқықтары жөніндегі стратегия
БҰҰ Бала құқықтары конвенциясына сүйене отырып, балаға мейірімді қаланы құру бойынша егжей – тегжейлі және кешенді стратегия әзірлеу.

4 Бала құқықтары бойынша үйлестіру тетігі
Бала мәселелерінің басымдылығын қамтамасыз ету үшін жергілікті өзін-өзі басқару органдарында тұрақты құрылым құру.

5 Заңнамалардың балаларға әсерін бағалау
Бастаманың жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде заңнамалар мен нақты бағдарламалардың балаларға тигізетін әсерін бағалау бойынша жүйелі үдерістің болуын қамтамасыз ету.

6 Балалардың мүддесін көздейтін бюджет
Балалардың мүддесі үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету және бюджет қаражатына талдау жасау.

7 «Қаладағы балалардың жағдайлары тура-

² «Балаға мейірімді қала» халықаралық бастамасы, <http://childfriendlycities.org/overview/the-cfc-initiative>

лы» тұрақты баяндама

Балалардың жағдайлары және олардың құқықтарының сақталуы туралы деректерді жинау және оларға мониторинг жүргізу.

8 Балалардың құқықтары туралы хабар-дар ету

Ересектер мен балалар, сондай-ақ билік органдары арасында балалар құқықтары туралы

хабардарлықты қамтамасыз ету.

9 Балалардың құқықтарын ілгері жылжытудың тәуелсіз тетігі

Балалардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін үкіметтік емес ұйымдарға қолдау көрсету және адам құқықтарын қорғау жөніндегі тәуелсіз институттарды, яғни бала құқықтары жөніндегі Уәкіл институтын дамыту.

«Балаларға мейірімді қала (аудан)» болудың жолдары: кезең-кезеңмен болатын үдеріс

1 «Балаға мейірімді қала» бастамасы туралы ақпаратты зерттеу:

- бастаманың әлемдегі және Қазақстандағы тарихы;
- балаға мейірімді қаланың негізгі элементтері;
- қалалардың балаға мейірімділігінің индикаторлары;
- «Қаладағы балалардың жағдайы» баяндамасын жазу бойынша ұсыныстар.

2 ҚР Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті мен қала (аудан) әкімдігі арасында жасалатын ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою арқылы бастамаға қосылу.

3 Қосылғаннан кейін бастаманы жергілікті деңгейде іске асыруға жауапты бөлім мен лауазымды тұлғаларды белгілеу және оларға қажетті қолдау көрсету.

4 Қала (аудан) әкімдігінің жанынан бастаманы іске асыру бойынша Үйлестіру кеңесін құру немесе жергілікті деңгейде сектораралық орган үшін аталған бастаманы іске асыру мәселелерін бекіту (Кәметелке толмағандар істері және олардың құқықтарын қорғау комиссиясы немесе Гендерлік саясат жөніндегі комиссия және т.б.). Үйлестіруші орган жергілікті органдар, балалар мен жастар ұйымдары, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдарының өкілдерінен

құралы тиіс.

5 Балалармен консультациялар өткізу арқылы қалалардың мейірімділік индикаторларын пайдалана отырып, қаладағы (аудандағы) балалардың қазіргі жағдайын зерттеу.

6 Қаланың (ауданның) даму бағдарламасын және іс-шаралар жоспарын әзірлеу. Бұл құжаттарда орын алған қиындықтарды шешу бойынша қадамдар жазылуы тиіс.

7 Бағдарламаны және іс-шаралар жоспарын ҚР Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің жанындағы «Балаға мейірімді қала» бастамасын іске асыру жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобына ұсыныстар алу үшін жіберу.

8 Ұсыныстарды алғаннан кейін, бағдарлама мен іс-шаралар жоспарын жүзеге асыруға кірісу (жүзеге асыру кезеңі орта шамамен 1,5–2 жылды құрайды).

9 Ведомствоаралық жұмыс тобы тағайындаған кезеңде бастама аясындағы ілгерілеушілікті анықтау үшін, қалада (ауданда) балалардың жағдайына қайтадан мониторинг жүргізу. Мониторинг нәтижелері балалармен және тұрғындармен талқыланып, қалаға (ауданға) «балаға мейірімді қала (аудан)» атағын

беру туралы шешім шығаратын Ведомствоаралық жұмыс тобына жіберіледі.

Қазақстан үшін таңдалған индикаторлар негіздемесі және балалардың жағдайын бағалау үдерісі

«Балаға мейірімді қала» бастамасын енгізу басталған сәттен бастап-ақ зерттеушілер мен практик мамандар бастамаға балалардың өздерін тартты. Нәтижесінде жағдайды жақсарту барысындағы ілгерілеушілікті бағалай отырып, жағдайды жан-жақты әрі жүйелі түрде бағалауға мүмкіндік беретін қаражат пен құралдарды қоса алғанда, қалалардың дәлелді бағалауға қажеттіліктерінің артқанын мойындады.³

Түрлі елдерде бала құқығы саласында біріктірілген әкімшілік индикаторларды, қоғам мен балалардың қатысу құралдарын және жиынтық индекстерді әзірлеу мен сынақтан өткізуге қатысты әрекеттер жасалды. Мұндай әрекеттер балалардың жағдайы туралы деректердің сапасын және қолданылу аясын кеңейтуге ғана емес, сондай-ақ қалалардың балалар жағдайын бағалау мен оған мониторинг жүргізу мүмкіндіктерін жетілдіруге де ықпал етті. Қазіргі таңда балалардың жағдайын бағалаудың стандартты әдістемесі мен жалпыға бірдей көрсеткіштері (және құралдары) жоқ. Қолданыстағы әдістер мен құралдар мемлекеттерді өздерінің нақты жағдайға бейімделуі үшін, жалпы негіз және жетекші қағидаттармен қамтамасыз етеді. Қазіргі кезде «Балаға мейірімді қала» бастамасы аясында жүргізілетін мониторинг сауалнамаларға (Испания), домендерге топтастырылған әкімшілік индикаторларға (Филиппин аралдары), домендерге бөлінбеген индикаторларға

(Нидерланды), жалпы және нақты бағытталған индикаторларға (Бразилия), сауалнамалар мен индикаторлардың араласып келуіне (Франция), әкімшілік және субъективті индикаторларды біріктіру негізінде есептелетін жиынтық индекске (Беларусь) негізделеді.⁴

Қазақстан үшін ұсынылып отырған жүйде Инноченти зерттеу орталығы, ЮНИСЕФ, Балалардың өмір сүру ортасын зерттеу тобы мен Childwatch International желісі жүргізген зерттеулердің нәтижелері, сондай-ақ баға мен мониторингке қатысты түрлі әдіс-тәсілдерді практикалық тұрғыдан қолдану барысындағы халықаралық тәжірибе пайдаланылады. Балаға мейірімді қалаларға мониторинг жүргізу мен оларды бағалау жүйесінің жалпы мақсаты жергілікті билік органдарының балалардың жағдайына кешенді мониторинг жүргізу және бағалау жүйесін қамтамасыз ете отырып, жоспарлау үдерісінің сапасын балалардың мүддесіне қарай жақсарту болып табылады.

³ Балаларға мейірімді қоғамдастықтар мен қалаларды бағалау және оларға мониторинг жүргізу: бастаманы ілгері жылжыту және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының әлеуетін арттыру. Балалардың өмір сүру ортасын зерттеу тобы мен ЮНИСЕФ Инноченти зерттеу орталығы, желтоқсан 2009.

⁴ «Балаға мейірімді қала» бастамасы бойынша елдік мониторинг жүргізу құралдары: <http://childfriendlycities.org/building-a-cfc/indicatorscriteria-for-cfc/>

Қалалардағы (аудандардағы) Қазақстан үшін әзірленген балалардың жағдайына мониторинг жүргізу мен бағалау жүйесі мынадай өзара бай-

ланысты және өзара бірін-бірі толықтыратын компоненттерден тұрады:

1

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бала құқықтарын іске асырудағы қызметін бағалау (1 қосымша)

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына арналған бағалау парағы балалар мен олардың отбасыларының құқықтарын қамтамасыз етудің жергілікті үдерістері мен жүйесіне талдау жасауға арналған. Бағалаудың негізгі компоненті болып қалалар мен аудандардың статистикалық мәліметтерді жинау, талдау жасау және басшылықтың шешімдерін қабылдауда аналитикалық ақпаратты қолдану бойынша қабылетін нығайту табылады. Сонымен қатар, бағалау келесідей басымдықтарды анықтауға көмек береді: жаңа іс-шаралар жоспарын әзірлеу және балалардың мүдделерін көздеі отырып, қазіргі жүргізіліп жатқан нұсқаулыққа түзетулер енгізу; құрылымдағы және балалардың мұқтаждықтары мен құқықтарына жауап беретін үдерістеі өзгерістер; жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен қоғам арасында балалардың құқықтары туралы хабардарлық деңгейін арттыру. Бағалаудың маңызды мәні нұсқаулықты әзірлеу үдерісінде бала құқықтарын өзекті ету мақсатында, сондай-ақ бала құқықтарының іске асырылуын үйлестіруді қамтамасыз ету үшін, жергілікті билік органдарының түрлі бөлімдерінің өкілдерін үйлестіру мүмкіндігіне келіп саяды. Билік органдарына арналған бағалау парағы мынадай салалар бойынша топтастырылған сұрақтардан тұрады:

• балалардың қатысуын арттыру мақсатында оларға арналған жергілікті бағдарламалар әзірлеу;

• әлеуметтік қызметтер және қорғау;

• білім беру;

• ойындар, демалыс және спорт;

• көлік;

• қоршаған орта;

• денсаулық сақтау;

• қалалық жоспарлау;

• төтенше жағдайларға дайындық және оған қарсы әрекет ете білу.

«Иә» немесе «жоқ» деген жауапты беруді талап ететін бағалау парағында қосымша түсіндірмелер үшін де, сондай-ақ қазіргі кезде жүзеге асырылып жатқан немесе болашақта жоспарланатын нақты іс—шараларды сипаттау үшін де мүмкіндіктер қарастырылған.

2

Салалық бағдарламалар мен іс – шаралар жоспарларының нәтижелерін бағалау

Аталмыш бағалау «Балаға мейірімді қала» бастамасы аясында халықаралық деңгейде пайдаланылатын индикаторлар тізімінен таңдалып алынған және жүйелі түрде жинақталатын әкімшілік индикаторларға негізделген. Индикаторлар жүйесі жергілікті деңгейде шешім қабылдау, деректерді салыстыру, талдау және жергілікті жұмыс жоспарларын әзірлеу арқылы жоспарлау үдерісін қамтамасыз ету мақсатында мәліметтерді талдау, түсіндіру, тарату, сондай-ақ пайдалануды жақсартуға арналған. Деректерді жинау жүйесі 17 негізгі индикатормен шектеледі (II қосымшаны қараңыз). Ол жұмыс жүктемесіне, сол сияқты деректерді жинауға, талдауға және есеп беруге қатысатын қызметкерлердің жүктемелерін

бағалаудың сапасы мен кейін іс – шараларды жоспарлауға зиянын тигізбей, керісінше азайту үшін жасалады.

«Балаға мейірімді қала» индикаторларының қорытынды тізіміне кіретін индикаторлар келесі критерийлер мен талаптарға сай:

• дәлме-дәл, нақты анықтамасы болуы тиіс (тізімге қосу/алып тастауға арналған критерийлерді, алымын/бөлімін, жасын немесе деректер сәйкес келетін жас шамасы кезеңін және т.б. қоса алғанда);

• сенімді деректер көзі бар;

• мониторинг жүргізілетін барлық қалалар мен аудандарда белгілі бір уақыт кезеңі ішінде қолжетімді әрі тұрақты;

• біркелкі түсіндірілген;

• мамандарға, лауазымды тұлғаларға және жалпы алғанда, халыққа түсінікті.

17 индикаторға қосымша әдістемеге қала (аудан) туралы жалпы түсінік беретін бала саны, жылдық бюджет, балаларға арналған инфрақұрылым туралы және т.б. мәселелер тізбесі енгізілді. 17 индикаторды жинау бойын-

ша нұсқаулық III қосымшада берілген. Индикаторлар мынадай негізгі төрт сала бойынша топтастырылған; балалардың қауіпсіздігі және қоршаған орта; әлеуметтік теңдік; білім беру. 1-кестеде әрбір индикаторды таңдау үшін негіздеме және әрбір индикатордың балаға мейірімділігі жөніндегі ақпараты көрсетілген.

1-кесте

Индикатор	Мәні мен рөлі
ДЕНСАУЛЫҚ	
Перинаталдық өлім – жітім деңгейі	Перинаталдық өлім – жітім нәрестелерге күтім жасау нәтижесінің негізгі көрсеткіші болып табылады және тек босану алдындағы кезеңде, босанған кезде және босанғаннан кейін нәрестеге бірден жасалатын күтімді көрсетеді. Жатыршілік компонент ананың денсаулығына, босанғанға дейін жасалатын күтімге және акушерлік көмекке байланысты болады. Ерте неонаталды компонент нәрестеге жасалатын күтімнің сапасын көрсетеді және неонаталды күтім бойынша бағдарламалық іс-шараларға тез жауап қайтара алады. <i>Тұтастай алғанда, бұл көрсеткіш баланың тууымен байланысты көрсетілетін медициналық көмек туралы толық түсінік береді.</i>
5 жасқа жейінгі балалардың өлім – жітім деңгейі	Бес жасқа дейінгі балалардың өлім-жітімі <i>бала денсаулығының аса маңызды жаһандық көрсеткіші болып табылады.</i> Ол мыналарды көрсетеді: а) қайыршылық секілді әлеуметтік факторлар. Атап айтқанда, аналардың білім деңгейі; ә) медициналық қызметтің болуы, қолжетімділігі және сапасы; б) қауіпсіз ауыз су мен санитария құралдарына қолжетімділікті қоса алғандағы экологиялық қатерлер; в) тамақ.
Балалар мен жастар арасындағы суицид саны	Жасөспірімдердің суицид жасөспірімдер арасындағы өлім – жітімнің үшінші негізгі себебі болып табылады және осы жас ерекшелік тобының <i>психикалық денсаулығының жалпы жай-күйінің индикаторы</i> ретінде қарастырылуы мүмкін. Суицид, суицидтік мінез – құлық және өзін – өзі өлтіру туралы деректер жас адамдарға, отбасыларға, қоғамға, мемлекеттік органдардың басшыларына, денсаулық сақтау және білім

	<p>беру салаларының мамандарына бағытталған кешенді профилактикалық бағдарламаларды әзірлеу үшін пайдаланылуы мүмкін.</p> <p><i>Қазақстанда</i> жасөспірімдер суициді өзекті мәселе болып табылады, әсіресе 15–17 жас аралығындағы жасөспірімдер үшін және 100 000 халыққа⁵ 17,6 оқиғадан келеді. Ол Орталық Азия мен Еуропа елдеріне қарағанда айтарлықтай жоғары.</p> <p>Қазақстан Үкіметі суицидті денсаулық сақтау және жалпы балалар мен жасөспірімдер аман-саулығы мәселесіндегі күрделі проблема ретінде таныды. Осыған байланысты жасөспірімдер мен жастар арасындағы суицид деңгейі бойынша тұрақты түрде деректер жинау қажеттілігі туындап отыр.</p>
Созылмалы аурулармен ауыратын балалардың үлесі	<i>Балалар арасында созылмалы аурулардың таралғандығы туралы</i> деректер: а) денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қызмет саласындағы қажеттіліктерді бағалау; ә) босанғанға дейінгі және босанғаннан кейінгі кезеңдердегі балаларға арналған профилактикалық бағдарламаларды жоспарлау үшін қажет.
6 айға дейін тек емшек еметін балалардың пайызы	<i>Сәбилерді емізу олардың дені сау болып өсу және оңтайлы даму мүмкіндіктерін арттырады.</i> Емшек емізудің кең таралуы сәби туылған кезде және өмірінің алғашқы 6 айында көрсетілген медициналық көмек сапасының, сондай-ақ халықтың баланың денсаулығы, бойы және дамуына қатысты озық тәжірибелер туралы жалпы хабардарлығының жалпы көрсеткіші болып табылады.
Жасөспірім қыздардың арасындағы туу коэффициенті	Ерте бала туу жүктіліктің жайсыз аяқталуының жоғары ықтималдығымен, балалардың денсаулығы мен дамуына мейлінше жоғары қауіп-қатер тууымен байланысты. Көрсеткіш, сонымен қатар, қажетсіз жүктілікті азайтуға бағытталған жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын қорғау бойынша жүргізілетін іс-шаралардың тиімділігін сипаттайды. Оған қоса, жасөспірімдік жастағы босанушы қыздардың санының азаюы репродуктивті денсаулыққа жаппай қолжетімділікке жету бойынша Мыңжылдық даму мақсаттарын орындаудағы жетістік көрсеткіші болып табылады.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА

14–17 жастағы қылмыс жасаған балалар саны	Жасөспірімдер арасында қылмысты санын азайту адам құқықтары бойынша стандарттарды іске асыруға ұмтылатын мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың жалпы міндеті болып табылады.
---	---

⁵ ОШЕ мен ТМД елдері бойынша ЮНИСЕФ Өңірлік офисі, TransMonee деректер базасы, 2015

	<i>Көрсеткіш балаларға арналған әділсот саласындағы профилактикалық бағдарламалар мен қызметті әзірлеу мен жоспарлау үшін пайдаланылатын деректерді қамтамасыз етеді.</i> Көрсеткішті сонымен қатар қылмыс түрлері мен балалардың жасына қарай егжей – тегжейлі қарастыруға болады.
Балаларға қатысты қылмыс саны	Көрсеткіш Бала құқықтары туралы конвенцияның балаларды қорғауға қатысты құқық бұзушылық деңгейінің <i>сандық бағасын</i> береді және осы салада мемлекеттік саясатты дайындау үшін бастапқы негіз болып табылады.
Жол – көлік оқиғалары салдарынан болатын балалардың өлім – жітім жағдайларының саны	Бұл көрсеткіш <i>қатер деңгейін, соған сәйкес, жолды жобалауды жақсарту, көше қозғалысын басқару мен көлік қауіпсіздігі жөніндегі бағдарламаларға тигізетін ықпалы мен қажеттіліктерін</i> сипаттайды.
Жазатайым жағдайлар, жарақат және улану салдарынан болатын балалардың өлім-жітімі жағдайларының саны	Бұл көрсеткіш <i>балалардың үйдегі және одан тыс жерлердегі қауіпсіздігі үшін жалпы қатер деңгейін, сәйкесінше, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаларға тигізетін ықпалы мен қажеттіліктерін</i> сипаттайды.
Жекелеген ауа ластағыштардың орташа жылдық шоғырлануы	<i>Қазақстанда</i> ауаның ластануы денсаулық пен қоршаған орта үшін, әсіресе, қалалар мен индустриалдық тұрғыда дамыған өңірлерде айтарлықтай салдарлар туғызатынына көптеген дәлелдер бар. Деректер ірі қалалардағы ауа сапасының көбінесе санитарлық нормалардан жоғары екенін, әсіресе көмір қышқыл газы қалдығының жоғары екенін көрсетеді. Дүниежүзілік банк пен ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің арасында 2013 жылы жасалған «Экономикалық зерттеулер бойынша бірлескен бағдарлама» құжатына сәйкес, Қазақстанның жекелеген өңірлеріндегі экологиялық жағдай аса күрделі, сондықтан оның балалардың денсаулығына әрі қарай зиян келтірмеуі үшін егжей-тегжейлі ақпарат жинау қажет.
	<i>Өлшенген бөліктердің көлемі балалардың денсаулығына тигізетін салдарлармен тығыз байланысты бірден – бір ауа ластағыш болып табылады⁶.</i> Балалардың ауа ластағыштар салдарынан қорғалмауы өмірлерінің алғашқы жылдарында айтарлықтай жоғары болып табылады. «Қазгидромет» РМК деректеріне негізделген көрсеткіш балалардың экологиялық денсаулығы бағдарламалары аясында басым сипатта болып табылатын <i>қоршаған орта/таза ауа бойынша бағдарламаларды сипаттайды және олардың ықпалын бақылап отырады.</i>

⁶ «Ауа ластануының денсаулыққа әсері туралы мәліметтерге шолу» Қоршаған орта және денсаулықты қорғау жөніндегі БДҰ Еуропалық орталығы, 2013 ж.

ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢДІК

<p>Тұтынуға байланысты табысы күнкөріс деңгейінен төмен үй шаруашылықтарындағы балалардың үлесі</p>	<p>Экономикалық жоқшылық ата-аналардың балаларын тиісті тамақпен, баспанамен, күтім жасау және даму жағдайларымен қамтамасыз ету мүмкіндіктерінің азайғанынан балалардың әл-ауқатына әсер етеді.</p> <p>Тұрақты болып тұратын жоқшылық баланың IQ деңгейіне, мектептегі үлгеріміне, әлеуметтік – эмоционалдық жағдайына кері әсерін тигізеді.</p> <p><i>Көрсеткіш балалар кедейлігін азайту бағдарламаларының қажеттілігі мен оның салдарларын сипаттау үшін шешуші мәнге ие.</i></p>
<p>Жетім балалар мен интернат мекемелерінде ата – ана қамқорлығынсыз қалған балалар саны</p>	<p>Көрсеткіш балаларға күтім жасауды институционалдандыру ауқымын өлшеп, деинституционалдану бағдарламасын әзірлеу қажеттілігін анықтайды.</p> <p>Интернат мекемелеріндегі балалар психикалық қажу және жағымсыз әлеуметтік салдарлар қатеріне көбірек ұшырайды.</p> <p>Интернат мекемелері Қазақстандағы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан балаларды қорғау жүйесі аясында осы мекемелердегі балалардың жағдайын тұрақты түрде бағалап отыру қажет⁷.</p>
<p>Асырауға, қамқоршылық пен қорғаншылыққа және патронаттық тәрбиелеуге берілген балалар саны</p>	<p>Бұл индикатор мемлекеттің Қазақстандағы интернат мекемелеріндегі балалар санын азайту және тәрбие берудің балама түрлерін дамытуға қатысты қабылдаған бағытына сәйкес осы бағыттағы ілгерілеушілікті бақылап отыруға мүмкіндік береді.</p>

БІЛІМ БЕРУ

<p>Мектепке дейінгі біліммен қамтылған 3–6 жастағы балалар пайызы</p>	<p>Бұл көрсеткіш баланы ерте жастан дамытудың негізгі компоненттерінің бірін сипаттайды және ол жақсартылған когнитивті, эмоционалдық және әлеуметтік дамумен, теңсіздікті азайтумен байланысты болып табылады. Ол баланың ерте жастан білім алу қажеттілігін әрі қарай ілгері бастырудың нақты дәлелдерін қамтамасыз етеді, сондай-ақ қол жеткізілген ілгерілеуді бағалайды.</p>
---	---

Инклюзивті мектепке дейінгі біліммен қамтылған мүгедектігі бар және мүмкіндіктері шектеулі 3–6 жастағы балалардың пайызы

Халықаралық тәжірибе ерекше мұқтаждықтары бар балаларды мектепке дейінгі білім беру жүйесіне неғұрлым ерте қосса, олардың даму нәтижелері де соғұрлым жақсы болатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Көрсеткіш мектепке дейінгі жастан бастап, дамуында ауытқушылықтары бар және мүгедек балаларға арналған инклюзивті бағдарламалардың қамту аясын және көп таралғандығын, әрі қол жеткізілген жетістіктерді бағалайды.

Жалпы білім беру мектептері жағдайында инклюзивті біліммен қамтылған мүгедектігі бар және мүмкіндіктері шектеулі 6–17 жастағы балалардың пайызы

Ерекше мұқтаждықтары бар, оқшауланып қалмаған оқушылар жалпыға бірдей қабылданған мінез – құлықтың үлкен диапазонын, тілдік дағдылар мен академиялық жетістіктердің жақсарғанын көрсетеді. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды кәдімгі мектептерге апару көптеген елдерде ойдағыдай енгізілуде және ол «Балаға мейірімді қала» бастамасының негізгі мақсаттарының бірі болып табылады.

3

Қаланың немесе ауданның балаларға мейірімділігіне қатысты балалардың өз пікірлерін бағалау

Бағалаудың бұл түрі 8–12 жас пен 13–17 жас аралығындағы (IV және V қосымшалар) оқушылар арасындағы сауалдамаларға негізделеді. Мақсатты топ ретінде мектеп оқушыларын таңдап алу жүйелі сауалдама жүргізуде салыстырмалы түрде ыңғайлы болып табылады. Себебі аталған жас ерекшелігіндегі топтардағы балалардың 100%-ына дерлігі мектепте оқиды. Сауалнамалар «иә», «жоқ», «білмеймін/жауап бермеуді дұрыс көремін» деген үш жауап нұсқасынан тұрады. Сұрақтар мынадай салалар бойынша әзірленген:

- Ойын-сауықтар.
- Менің қоғам өміріне араласуым.
- Менің қауіпсіздігім және қорғалуым.
- Менің денсаулығым және қоршаған орта.
- Менің білімім.
- Менің жеке өмірім.

Сауалдамаға дайындық кезінде мынадай қағида-аттарды ескеру керек:

- логистикалық және әкімшілік мәселелерді мұқият жоспарлау: сауалдаманың үйлестірушілері мен сұхбат алушыларын анықтау, пайдаланатын сауалнама санын

жеткілікті етіп дайындау, сауалнама жүргізу үшін қажетті мерзімдерді, мектеп әкімшілігінің келісімін және т.б. көрсету;

- мектептерді іріктеу және таңдау мөлшері: қаладағы барлық мектептердің, ең кем дегенде, 5%-ы сауалдамаға қатысуы тиіс. Мұнда ер балалар мен қыздар тең болуы керек. Бұған қоса, әрбір жас ерекшелігіндегі топтарға арналған сауалдамаға қатысу ұсынылады. Сауалдама барысында мектеп оқушыларының жалпы саны елді мекеннің барлық аудандары бойынша тең әрі біркелкі бөлінуі тиіс. Сауалдама жүргізу үшін қаланың әрбір ауданындағы мектептер кездейсоқ іріктеліп алынады. Бұл мектептердің тізімін жасақтау арқылы жасалуы мүмкін. Мысалы, үш мектептің бірін таңдап алу;
- сауалнаманы қалай толтыру қажеттігі туралы оқушыларға арналған тиісті нұсқаулықтар: сауалнама жеке-жеке толтырылады; сауалнаманы толтыру уақыты шектелген және сауалнама толтырудан бұрын белгіленеді; барлық жауаптар мұқият ойланғаннан кейін берілуі тиіс; тек бір ғана жауап беруге рұқсат етіледі; түзету жасауға рұқсат етілмейді, түсіндірмелер қысқа

⁷ «Қазақстандағы балалардың әл-ауқаты» баяндамасы, 2012

әрі дәл болуы тиіс және т.б.;

• Әлеуметтік әлсіз балаларға жүргізілетін сауалдама үшін (мысалы, мүмкіндігі шектеулі балалар, интернат мекемелеріндегі балалар және т.б.) арнайы нұсқаулықтарға сәйкес сауалнама әзірлеу керек. Бұл сауалнама аталмыш балалардың өмір-сүру шарттарын және қоршаған ортасын барынша білуге мүмкіндік береді.

• жауаптар иесінің көрсетілмеуі және құпиялылығы;

• *сауалнамаларды талдау*: сәйкесінше толтырылмаған сауалнамалар (жасы, жынысы көрсетілмеген, бір сұраққа бірнеше жауап берілген) алынып тасталады, әрбір мектеп, аудан, қала және т.б. үшін «иә», «жоқ», «білмеймін/жауап бермеуді дұрыс көремін» деген жауаптардың пайыздық арасалмағы есептеледі.

I қосымша

! Қосымшаны www.unicef.kz сайтынан жүктеуге болады

«Балаға мейірімді қала» бастамасын жүзеге асыруға қажетті жағдайлардың болуына байланысты әкімдіктер мен мүдделі аумақтық органдарға арналған бағалау парағы

	Иә	Жоқ
	Егер «иә» болса, дәл қазіргі кезде ме немесе жоспарланған ба, нақты не өтіп жатқанын тізбектеп көрсетіңіз, (мәліметті барынша толық көрсетіңіз)	Егер «жоқ» болса, өтуі мүмкін жұмыстар мен алдағы уақытта болатын іс-шараларды көрсетіңіз

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМА ӘЗІРЛЕУ

Әкімдік немесе жергілікті мәслихат жанында осы бастаманы жүзеге асыру бойынша жұмыстарды кешенді жоспарлаумен және өткізумен айналысатын үйлестіруші кеңес (комиссия) бар ма?		
Балалар мен жастарға арналған бағдарламалар мен іс-шаралардың тиімділігін талқылауға, оларды әзірлеуге, сонымен қатар бағалауға қатысатын тәуелсіз кеңес немесе қоғамдық ұйымдар бар ма?		
Жергілікті бюджетте балалардың құқығын қорғау мәселелерімен айналысатын басшыларды оқыту қарастырылған ба?		

Тұрғындарға балалардың құқықтары туралы ақпарат беру мақсатында жергілікті атқарушы ұйымдар өткізетін немесе қолдау көрсететін бастамалар (мысалы, Балаларды қорғау күніне орай) бар ма?

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ ҚОРҒАУ

Жергілікті атқарушы органның физикалық⁸, сексуалдық⁹, эмоционалдық – психикалық зорлық – зомбылыққа¹⁰ қарсы күрес және олардың алдын алу, балаларға қамқорлықтың жоқтығы¹¹ және балалар саудасы бойынша стратегиясы (немесе жұмыс жоспары) бар ма?

Мүмкіндіктері шектеулі немесе созылмалы аурулармен ауыратын балалары бар отбасыларға әлеуметтік және білім алуға көмектесу бойынша бағдарламалар бар ма?

18 жасқа толмаған жастардың еңбекке араласуына талдау жасала ма?¹²

Жергілікті атқарушы орган мектептегі зорлық – зомбылыққа қарсы күрес және оның алдын алу жөніндегі іс-шараларды дамытады ма, қолдау көрсетеді ме?¹³

⁸ Балаға қасақана оның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін зардап (сабау, азаптау, денсаулығына әр түрлі деңгейде ауыр зиян келтіру, өлтіру) немесе оны өзіне қол салуға дейін жеткізу.

⁹ Ересек адамдардың сексуалдық қанағаттану немесе пайда табу мақсатында баланы өзінің келісімімен немесе келісімінсіз сексуалдық іс-әрекеттерге қатыстыруы.

¹⁰ Балаға оның жеке басын, оның ар-ожданын, абыройы мен беделін қорлауға, кемсітуге бағытталған, соның салдарынан баланы өзін қорсынуға, өзіне деген сенімін жоғалтуға, мінезінде әлеуметтенуінің бұзылуын тудыратын патологиялық белгілердің қалыптасуына әкелетін бір рет немесе үнемі әсер ету нысаны. Эмоционалдық зорлық-зомбылыққа мыналар жатады: балаға дауыс көтеріп, қатты айғайлау, оған қатал әрі кемсітіп қарау, елемей, қатты сын айту, ат тағу, келемеждеу, қорлау, қоқан-лоқы көрсету, баланың жеке заттарын жоқ қылу, азаптау немесе үй жануарын өлтіру.

¹¹ Ата-анасы, қамқоршылары, немесе бала тәрбиесіне жауапты басқа ересек адамдар тарапынан оған жай ғана қамқорлықтың болмауы (баланың негізгі мұқтажықтарына – тамаққа, киімге, баспанаға, медициналық қызмет көрсетуге көңіл бөлмеу, баланы шамасы келмейтін жұмысқа пайдалану), соның салдарынан оның эмоционалдық жағдайы бұзылып, денсаулығы мен дамуына қауіп төнеді.

¹² Рұқсат етілген ақылы қоғамдық жұмыстардан басқа оқушы жастар үшін 16 жастан бастап оқудан бос уақытында.

¹³ Үнемі қайталанып отыратын және жүйелі жасалатын қасақана әрекет. Онда балалардың арасында немесе оқушыларға қатысты мұғалімдердің, сондай-ақ оқушылардың мұғалімге қатысты күш қолдануы да орын алады. Ол эмоционалдық және физикалық деп екіге бөлінеді. Эмоционалдық күш қолдану балағаттау, келемеждеу, өсек тарату, айдар тағу, шексіз ескерту жасау, әділетсіз бағалау, күлкі қылу, басқа балалардың алдында кемсіту, қоқан-лоқы, сондай-ақ тартып алу, оқшаулау, зардап шегуші баламен қарым-қатынас жасаудан бас тарту түрінде байқалуы мүмкін. Физикалық зорлық-зомбылық деп оқушыға, бірге оқитын оқушыға күш қолдану, оның салдарынан бала денесінен жарақат алуы мүмкін жағдайды айтамыз. Физикалық күш-қолдануға сабау, соққы беру, шапалақпен тартып жіберу, желкелеу, бүлдіру, заттарын тартып алу және т.б. жатады.

БІЛІМ БЕРУ

Жергілікті атқарушы орган балалардың оқу орындарына алынуы мен баруын қадағалау үшін мониторинг жүргізе ме, мектепке бармау себептері анықталып, сол бойынша қандай да бір шаралар қолданыла ма?

Мектептердің техникалық жағдайына жүйелі бақылау, ағымдағы және күрделі жөндеуге қатысты қажеттіліктерді бағалау, мектеп мекемелерінің материалдық – техникалық базасының жалпы жағдайын бағалау, сондай-ақ, орын алуы мүмкін төтенше жағдайларға мектеп ғимараттарының төзімділігіне бағалау жүргізіле ме?¹⁴

Балаларға арналған мектепке дейінгі мекемелерге бару жағдайына талдау жасала ма және жағдайды жақсарту бойынша қандай да бір стратегия (жоспар) бар ма, мысалы мектепке дейінгі мекемелердің материалдық – техникалық базасын жақсарту, жұмыс істеп тұрған мекемелерге жөндеу жүргізу, жаңаларын салу, бағдарламалардың мазмұнына және оқыту жағдайларына талдау жасау.

ОЙЫН, ДЕМАЛЫС ЖӘНЕ СПОРТ

Жергілікті атқарушы органның балаларға арналған мәдени және спорттық іс – шараларды жоспарлау үдерісі бар ма?

КӨЛІК

Балалар арасындағы жол-көлік жарақатын алу жағдайына жүйелі түрде талдау жасала ма?

¹⁴ Техногендік сипаттағы (өрт, жарылыс, экологиялық қауіпті заттарды шығару салдарынан болатын жол апаттары, ғимараттардың опырылып құлауы, өмірді қамтамасыз ету жүйелеріндегі авариялар, көлік апаттары), табиғи (зілзала, көшкін, сел, дауыл, құйын, табиғи өрт), биологиялық (инфекциялық аурулардың індеті мен ошақтары) және әлеуметтік сипаттағы (терактілер, соғыс, жаппай тәртіпсіздік) төтенше жағдайлар.

Жол – көлік оқиғалары туралы хабардарлықты арттыру бойынша жүйелі науқандар және оның алдын алу бойынша басқа да іс-шаралар өткізіле ме, мысалы, жол жүру ережесі бойынша тәрбие-білім беру мекемелерінде сабақтар өту, «Байқаңыз – балалар» акциясы, балалар арасында байқаулар мен ойындар өткізу т.б.

Мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін көліктегі ерекше мұқтаждықтар қамтамасыз етілген бе?

ҚОРШАҒАН ОРТА

Төмендегі критерийлер бойынша тұрғын үй қорына¹⁵ жүйелі бағалау және мониторинг жүргізіле ме:

- 1) тұрғын үй қорының ескіруі мен авариялық-техникалық жағдайды анықтау, ағымдағы және толық жөндеуге қатысты қажеттіліктер;
- 2) тұрғын үй қорының абаттылық және су құбырымен, кәрізбен, жылыту жүйесімен, бұлаумен (себезгі), газбен, ыстық сумен және тұрмыстық қалдықтарды жүйелі шығарумен қамтамасыз етілу деңгейі;
- 3) тұрғын үй қоры аумағына іргелес орналасқан балаларға арналған алаңдардың және спорт алаңдарының жағдайы, үйдің жанындағы аумақтың абаттануы (ауланың сапасы, оның мөлшері, жабдықталуы, ыңғайлылығы, көгалдандырылуы және т.б.)

Қоршаған ортаның балаларға зиянды факторларының әсеріне жүйелі түрде мониторинг жүргізіле ме? Мысалы, атмосфералық

¹⁵ Тұрғын үй қоры – тұрғын үйлерді (жеке-белгілі бір ғимараттарды және көп пәтерлі үйлерлі), мамандандырылған үйлерді (мүгедектерге, ардагерлерге арналған жатақханалар, интернат үйлер, халыққа әлеуметтік қызмет көрсету жүйесіндегі үйлердегі тұрғын-жайлар, азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғауға арналған тұрғын үй-жайлар және басқа), сондай-ақ қызметтік тұрғын-жайларды, басқа құрылыстардағы тұруға жарамды өзге тұрғын-жайларды қоса алғанда, меншік нысанына қарамастан, барлық тұрғын орын-жайлардың жиынтығы.

ауаның ластануы мен газдалуы, тұрғын үйлер мен тәрбие-білім беру мекемелеріне жақын жердегі шудың деңгейі және т.б., шара қолдану үшін мониторинг нәтижелері қолданыла ма?

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Қауіп-қатер факторының таралуына, мысалы, балалар арасындағы артық салмақ, қаланың экологиялық қауіпті ауданында тұру және т.б. қаладағы (аудандағы) қызметтердің қоршаған ортаны қорғау мен денсаулық сақтау бойынша мақсатты іс-шаралар өткізуі үшін үнемі зерттеу және талдау жүргізіле ме?

Халықты салауатты өмір салтына шақыру, мысалы балалар мен ересектер арасында физикалық белсенділікті арттыру мақсатында іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырыла ма?

Зиянды әдеттердің, мысалы балалар мен жасөспірімдер арасында шылым шегу, ішімдік ішудің алдын алу мақсатында семинарлар, тренингтер және басқа да іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырыла ма?

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың құқықтарын ілгері апару және қорғауға арналған іс-шаралар жүйелі ұйымдастырыла ма?

ҚАЛАЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ

Жергілікті атқару органы қоғамдық пайдалану орындары мен нысандарын жоспарлау, әзірлеу және жақсарту үдерісінде балалардың пікірлері мен қажеттіліктерін назарға ала ма?		
Принимаются ли во внимание потребности детей с ограниченными возможностями в процессе планирования и строительства жилищных домов и мест и объектов общественного пользования?		

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРҒА ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ ӘРЕКЕТ ЕТУ

Балаларға көмек көрсетуде арнайы ерекшеліктер мен қажеттіліктерді көздейтін төтенше жағдайларға ¹⁶ дайындық және оған қарсы әрекет ету бойынша жоспар бар ма?		
Төтенше жағдайларға дайындық мақсатында жүйелі түрде оқулар жүргізіле ме?		

¹⁶ Техногендік сипаттағы (өрт, жарылыс, экологиялық қауіпті заттарды шығару салдарынан болатын авариялар, ғимараттардың опырылып құлауы, өмірді қамтамасыз ету жүйелеріндегі авариялар, көлік апаттары), табиғи (зілзала, көшкін, сел, дауыл, құйын, табиғи өрт), биологиялық (инфекциялық аурулардың індеті мен ошақтары) және әлеуметтік сипаттағы (терактілер, соғыс, жаппай тәртіпсіздік) төтенше жағдайлар.

II ҚОСЫМША

! Қосымшаны www.unicef.kz сайтынан жүктеуге болады

Қалалардың (аудандардың) балаларға мейірімділік индикаторлары**ҚАЛА (АУДАН) БОЙЫНША ЖАЛПЫ АҚПАРАТ**

- 1 Қаланың (ауданның) жалпы көлемі, шаршы км.
- 2 Қала (аудан) халқының саны
- 3 18 жасқа дейінгі балалардың саны
- 4 18 жасқа дейінгі мүмкіндіктері шектеулі балалардың саны
- 5 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалардың саны
- 6 Қала (аудан) бюджетінің жыл сайынғы көлемі
- 7 Қаланың (ауданның) халықтың жан басына шаққандағы бюджетінің жыл сайынғы көлемі
- 8 Жалпы білім беретін мектептердің саны
- 9 Музейлердің саны
- 10 Балалар мен жастарға арналған театрлардың, балалар репертуары бар театрлардың саны
- 11 Балалар кітапханалары мен балалар әдебиеті бөлімі бар кітапханалар саны
- 12 Парктер мен жас көшеттердің жалпы көлемі, га.
- 13 Балаларға арналған ойын алаңдарының саны
- 14 Балалар мен жасөспірімдерге арналған аула клубтарының (спорттық, мәдени, әскери-патриоттық және т.б.) саны
- 15 Тұрғылықты жері бойынша қоғамдық ұйымдардың қолдауымен заңмен қайшылықтағы жасөспірімдерге арнап ұйымдастырылатын бағдарламалардың түрлері

- 16 Мүгедектігі бар және мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған орталықтар саны (күндіз болу орталықтары, оңалту орталықтары, түзету және инклюзивті білім беру кабинеттері және т.б.)
- 17 Балалар мен жастарға қызмет ұсынатын үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) саны
- 18 Балалар мен жастарға арналған БАҚ саны
- 19 Қаладағы (аудандағы) балалар мен жастар бастамаларының атауы және саны: сенім телефоны, балалар немесе жастар кеңестері, балалар қозғалыстары және т.б.

БАЛАҒА МЕЙІРІМДІ ҚАЛАЛАРДЫҢ (АУДАНДАРДЫҢ) ИНДИКАТОРЛАРЫ

ДЕНСАУЛЫҚ

- 1 Перинаталдық шетінеу деңгейі
- 2 5 жасқа дейінгі балалардың өлім – жітім деңгейі, 1000 тірі туылғандарға шаққанда
- 3 6 айға дейін тек емшек еметін балалардың пайызы
- 4 Созылмалы аурулармен ауыратын 18 жасқа дейінгі балалардың үлесі (профилактикалық медициналық тексеру нәтижелері бойынша 3, 4 және 5-денсаулық топтарындағы балалар)
- 5 18 жасқа дейінгі жасөспірім қыздардың арасындағы туу коэффициенті (1000-ға шаққанда)
- 6 100,000 балаға шаққанда 18 жасқа дейінгі балалар арасында орын алған суицид саны

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА

- 7 14-17 жастағы қылмыс жасаған балалардың саны (100 000 балаға шаққанда)
- 8 100 000 балаға шаққанда балаларға қарсы жасалған қылмыс саны
- 9 100 000 балаға шаққанда жол-көлік оқиғалары (ЖКО) салдарынан болған балалар өлім-жітімі оқиғаларының саны (жарақат алу және улану салдарынан болған өлім-жітім оқиғаларынан бөлек)
- 10 100 000 балаға шаққанда жазатайым жағдайлардың, жарақаттар мен уланудың салдарынан болған балалар өлім-жітімі оқиғаларының саны (ЖКО себебінен болған өлім-жітім оқиғаларынан бөлек)
- 11 Ауадағы орташа жылдық концентрация (мг/м3): өлшенген заттар, СО (көміртек тотығы), NO2 (азот диоксиді азота), SO2 (күкірт диоксиді), қорғасын

ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢДІК

- 12 Табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен деңгейдегі үй шаруашылықтарында тұратын балалардың үлесі
- 13 Интернат мекемелеріндегі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар саны
- 14 0–17 жастағы мына жағдайларға берілген балалар саны:
 - асырауға (1 000 балаға)
 - қамқорлық және қорғаншылыққа (1000 балаға)
 - патронаттық тәрбиелеуге (1000 балаға)

БІЛІМ БЕРУ

- 15 Мектепке дейінгі біліммен қамтылған 3–6 жастағы балалардың пайызы
- 16 Инклюзивті мектепке дейінгі білім берумен қамтылған мүгедектігі бар және мүмкіндіктері шектеулі 3–6 жастағы балалардың пайызы
- 17 Жалпы білім беру жағдайында инклюзивті білім берумен қамтылған мүгедек және мүмкіндіктері шектеулі 6–17 жастағы балалардың пайызы

III ҚОСЫМША

! Қосымшаны www.unicef.kz сайтынан жүктеуге болады

Қалалардың балаларға мейірімділік индикаторлары үшін деректер жинау бойынша нұсқаулық

1 ПЕРИНАТАЛДЫҚ ШЕТІНЕУ ДЕҢГЕЙІ

Перинаталдық шетінеу — шарананың шетінеуі немесе ерте неонаталдық шетінеу. Шарананың шетінеуі – салмағы > 500 г шарананың шетінеуі немесе оның салмағы туралы мәліметтер белгісіз болса, жүктіліктің 22 аптасынан асқан шарананың шетінеуі. Ерте неонаталдық шетінеу – бұл тірі нәтестенің өмірге келгеннен кейін алғашқы толық 7 күн ішінде (яғни 0–6 күн) (туған күні нөлдік күн деп саналады) шетінеуі.

Перинаталдық шетінеу нәрестелерге күтім жасау нәтижесінің негізгі көрсеткіші болып табылады және нәрестеге туу алдында, босану үстінде, босанғаннан кейінгі тікелей күтім жасау нәтижесінің басты көрсеткіші болып табылады.

Құрсақтағы компонент ананың денсаулығына, босанғанға дейінгі күтіміне, акушердің көмегі мен босанатын залда технологиялардың (мысалы, кардиотокография) болуына байланысты.

Нәрестенің өлі туылу компоненті баяу түрде азаюы мүмкін, өйткені ол көбінесе біріншіден, ананың денсаулығына әсер ететін және кесарь тілігі секілді технологиялардың болуы секілді шараларға байланысты.

Ерте неонаталдық компонент нәрестеге күтім жасау сапасын көрсетеді және неонаталдық күтім жасау жөніндегі бағдарламалық іс-шараларға тез арада ден қоя алады, оның ішінде: нәрестеге алғашқы медициналық күтім жасау салмағы 2000 грамнан асып туылған нәрестелердің ерте неонаталдық шетінеуін азайтады, сондай-ақ салмағы 2000 грамға жетпей туылған нәрестелердің, оның ішінде салмағы 1500 грамға жетпей туылған нәрестелердің неонаталдық шетінеу көрсеткіштерін азайту үшін белгілі бір технологиялар (мысалы, тыныс алу жолдарында инвазивті емес әдістермен үздіксіз дұрыс қысым түсіруге немесе желдетуге арналған жабдықтар) қажет болуы мүмкін.

Перинаталдық шетінеу деректер сапасының өзгерістеріне сезімтал. Мысалы, перинаталдық шетінеу көрсеткіштерінің көтерілуі перинаталдық аяқталу нәтижелерінің нашарлауына, сондай-ақ перинаталдық шетінеу бойынша есеп-қисапты жетілдіру керектігін көрсетугі мүмкін. Осылайша, деректер сапасын бағалау талдау жасаудың маңызды компоненті болып табылады. Осы жағдайда перинаталдық шетінеуді екі компонентке бөлген дұрыс: өлі туылу және нәрестелердің ерте шетінеуі. Негізінен, деректер сапасы нәрестелердің ерте шетінеуіне қарағанда өлі туылғандар үшін күрделі мәселе болып табылады, себебі шарананың құрсақтағы жасын білу мәселесіне және өлі туылғанын анықтау мен нәрестенің шетінеуіне қатысты анықтықтың болмауына байланысты тірі туылғандардың шетінеуіне қарағанда өлі туылу туралы аз айтылады.

Мекемелер ұсынған перинаталдық шетінеу көрсеткіштерін бағалауды абайлап түсіндірген жөн. Мекемедегі перинаталдық шетінеу мекемеде өтетін босану типтеріне аса сезімтал: ол мекемедегі босанудың күрделілігіне байланысты өзгерістерге қатысты артуы немесе азаюы мүмкін. *Шағын мекемелерде перинаталдық шетінеу көрсеткіші босану санының аз болуы мен перинаталдық шетінеуге байланысты тым тұрақсыз болып келеді.* Осылайша, перинаталдық шетінеу көрсеткіші бір мекеме шегінде белгілі бір уақыт ішіндегі өзгерістерге мониторинг жүргізу үшін тиімсіз болып табылады.

Перинаталдық шетінеу нәрестелерге күтім жасау нәтижесінің негізгі көрсеткіші болып табылады және нәрестеге туу алдында, босану үстіндегі, босанғаннан кейінгі тікелей күтім жасау нәтижесін көрсетеді.

Көрсеткіш нәрестенің туылуына байланысты көрсетілетін медициналық жәрдем туралы толық түсінік береді.

Анықтау	Белгілі бір кезең ішіндегі барлық туылған (тірі және өлі туылған) 1000 нәрестеге перинаталдық шетінеу деңгейі.
Есеп	Алымы: перинаталдық шетінеу оқиғаларының саны = осы кезеңдегі алғашқы толық жеті күн ішінде (яғни, 0–6 күнде) өлі және тірі туылған нәрестелердің шетінеу саны. Бөлімі: сол кезеңде туылған (тірі және өлі туылған) нәрестелердің жалпы саны. Есебі: перинаталдық шетінеу саны ÷ туылғандардың жалпы саны × 1000.

2 1000 ТІРІ ТУЫЛҒАНДАРҒА ШАҚҚАНДА 5 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ӨЛІМ-ЖІТІМ ДЕҢГЕЙІ

Бес жасқа дейінгі балалардың өлім-жітіміне кедейлік; аналардың білімі; медициналық қызметтің қолжетімді әрі сапалы болуы; қауіпсіз ауыз су мен санитария құралдарын қоса алғанда, қоршаған ортаға байланысты қатерлер; сонымен қатар тамақ әсер етеді.

Балалар өлім-жітімін азайту Мыңжылдық Даму Мақсаттары (4-МДМ) мейлінше күшті және барлық жерде жаппай қолдау көрсететін міндеттердің бірі болып табылады. МДМ-ның балалар өлім-жітімін азайту бойынша жетістіктері қолайлы баға бойынша қолжетімді негізгі тиімді іс-шараларға барлық адамның жаппай қол жеткізе алуын талап етеді: нәрестелер мен олардың аналарына күтім жасау; емшектегі және сәби жастағы балаларды тамақтандыру; вакцина егу; өкпенің қабынуының, іш өтудің, сепсисінің алдын алу және онымен ауырған пациенттерді қарау; АИТВ/ЖИТС-тың алдын алу және емдеу. Бұл іс-шараларды орындау үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) мынадай төрт негізгі стратегияны іске асыруға жәрдемдеседі:

- нәрестелердің асқынған ауруларына тиісті ем қолдану;
- 5 жасқа толмаған барлық балалар үшін балалардың ауруларын біріктіріп қарау;
- иммундау бойынша кеңейтілген бағдарлама;
- емшектегі және сәби жастағы балаларды тамақтандыру.

Балаларға арналған бұл денсаулық сақтау стратегиясы аналардың денсаулығын қорғау

жөніндегі іс-шаралармен, атап айтқанда, жүктілік және туу кезіндегі білікті медициналық көмек көрсетумен, сондай-ақ балалардың ауруларын біріктіріп жүргізумен (БАБЖ) үйлестіре отырып, ерте жастағы балаларды дамыту (ЕЖБД) жөніндегі іс-шаралармен толықтырылады.

Бес жасқа дейінгі балалардың өлім-жітімі бала денсаулығының маңызды жаһандық көрсеткіші болып табылады. Ол мыналарды көрсетеді: а) кедейшілік және білім деңгейі, атап айтқанда, аналардың білім деңгейі секілді әлеуметтік факторлар; ә) медициналық қызметтің қолжетімділігі және сапалы болуы; б) қауіпсіз ауыз су мен санитария құралдарына қолжетімділікті қоса алғандағы экологиялық қатерлер; в) тамақ.

Анықтау	Аталған жылды 1 000 тірі туылғандарға шаққанда 0–4 жастағы балалардың өлім-жітімінің саны.
Есеп	Алымы: көрсетілген жылы 0–4 жастағы балалар өлім-жітімінің саны × 1000. Бөлімі: Аталған жылы тірі туылғандардың жалпы саны. Есебі: 0–4 жастағы балалар өлім-жітімінің жалпы саны ÷ тірі туылғандардың жалпы саны × 1000.

3 6 АЙҒА ДЕЙІН ТЕК ЕМШЕК ЕМЕТІН БАЛАЛАРДЫҢ ПАЙЫЗЫ

Емшектегі және сәби жасындағы балаларды дұрыс тамақтандыру олардың тірі қалуына деген мүмкіндіктерін арттыруы мүмкін. Емшек емізу сәби үшін алғашқы иммундау болып табылады және ол балаларды аман алып қалуда ең жақсы құралдардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, баланың әсіресе туғаннан бастап 2 жасқа келгенге дейінгі сындарлы кезеңде дұрыс өсуі мен дамуына әсер ете алады. Дұрысында, балалар туылғаннан кейінгі бір сағаттың ішінде емшек емуі тиіс. Алғашқы алты айда тек емшек емуі, ал 2 жасқа дейін және одан әрі қарай да емшек емуі тиіс. 6 айлықтан бастап, баланың жасына сәйкес, тек емшек емізбей, балаға қауіпсіз, қатты, жартылай қатты және жұмсақ тағамдардан құралатын қосымша тамақ беру қажет.

Тек емшек еметін балаға қарағанда емшекпен қоса қоспа ішетін баланың диарея мен өкпенің қабынуынан болатын өлім қатеріне ұшырау қаупі әлдеқайда жоғары. Сонымен қатар, емшек емізу емшектегі баланың иммундық жүйесін күшейтеді және ол баланы келешекте семіздік пен диабет секілді созылмалы аурулардан қорғай алады. Сәби кезінде емшек емген жасөспірімдер мен ересектер артық салмақ жинауға немесе семіруге аса бейім болмайтыны дәлелденген; олардың диабеттің 2-түрімен ауыруға мүмкіндіктері аз. Мұндай балалардың ақыл-ой қабілеттерін тексерген кезде ең жақсы нәтижелер тіркелген. Бұған қоса, емшек емізу аналарды обыр мен басқа да аурулардың кейбір түрлерінен қорғайды. 6 айдан бастап және одан әрі қарай тиісті тамақ беру баланың тамақты тойып ішуін қамтамасыз етеді және іш өту мен өкпенің қабынуы секілді жұқпалы аурулар қатерін азайтады.

Сәбилерді емізу олардың дені сау болып, тірі қалуына және дұрыс дамуына деген мүмкіндіктерін арттырады. Емшек емізудің кең таралуы балаға туған кезде және алғашқы 6 айда көрсетілетін медициналық көмек сапасының, сонымен қатар халықты баланың

денсаулығы, өсуі және дамуы саласындағы озық тәжірибе туралы хабардар етудің жалпы көрсеткіші болып табылады.

Анықтау	6 айға дейін тек емшек еметін балалардың пайызы (емшек еметін және денсаулық жағдайына байланысты тағайындалған ауыз арқылы регидратацияға арналған ерітіндіні, дәрумендерді минералдық қоспалар мен дәрі-дәрмектерді қоспағанда, басқа қандай да бір сұйықтықты немесе тағам өнімдерін қабылдамайтын балалар)
Есеп	Алымы: 6 айға дейін тек емшек еметін балалардың жалпы саны Бөлімі: 6 айға толмаған балалардың жалпы саны Есеп: 6 айға дейін тек емшек еметін балалардың саны ÷ 6 айға толмаған балалардың жалпы саны × 100%

4 СОЗЫЛМАЛЫ АУРУЛАРМЕН АУЫРАТЫН 18 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ (профилактикалық медициналық тексеру нәтижелері бойынша 3, 4 және 5-денсаулық топтарындағы балалар)

Көрсеткіш балалар арасында созылмалы аурулардың таралу деңгейін бағалау үшін пайдаланылады. Көрсеткішті есептеуге арналған негізгі компоненттер мыналар:

3 денсаулық тобы: организмнің жұмыс істеуінде қандай да бір өзгерістерсіз компенсацияланатын жағдайдағы созылмалы аурулармен ауыратын балалар.

4 денсаулық тобы: организмнің жұмыс істеуінде шектеулі өзгерістерсіз субкомпенсация жағдайындағы созылмалы аурулармен ауыратын балалар.

5 денсаулық тобы: организмнің жұмыс істеуінде елеулі өзгерістері бар декомпенсация жағдайдағы созылмалы аурулармен ауыратын балалар.

Балалар арасында созылмалы аурулардың таралуы туралы деректер мыналар үшін қажет:

- денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қызмет саласындағы қажеттіліктерді бағалау;
- босанғанға дейінгі және босанған кейінгі кезеңдердегі балаларға арналған профилактикалық бағдарламаларды жоспарлау.

Анықтау	Созылмалы аурулармен ауыратын 18 жасқа дейінгі балалардың үлесі (профилактикалық медициналық тексеру нәтижелері бойынша 3, 4 және 5-денсаулық топтарындағы балалар)
Есеп	Алымы: 3, 4 және 5-денсаулық топтарына жататын 18 жасқа дейінгі балалар саны Бөлімі: 18 жасқа дейінгі балалар саны Есеп: 3, 4 және 5-денсаулық топтарына жататын 18 жасқа дейінгі балалар саны ÷ 18 жасқа дейінгі балалардың жалпы саны × 100%

5 КӘМЕЛЕТ ЖАСҚА ТОЛМАҒАН ЖАСӨСПІРІМ ҚЫЗДАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ТУУ КОЭФФИЦИЕНТІ

Жасөспірім қыздар арасындағы туу көрсеткішінің төмендеуі репродуктивті денсаулыққа жаппай қолжетімділікке жету бойынша Мыңжылдық даму мақсаттарын орындау индикаторы болып табылады. 15 жастан 19 жасқа дейінгі (тұрмысқа шыққан және тұрмысқа шықпаған) шамамен 14 миллионға жуық әйелдер мен қыздар жыл сайын босанады. Осы жас ерекшеліктегі топ үшін жүктілік және туу кезіндегі аурудың асқынуы өлім-жітімнің негізгі себебі болып табылады. Мұндағы негізгі фактор – денсаулыққа қауіпті болып табылатын жасанды түсіктер (БҰҰ Халықты қоныстандыру саласындағы қорының деректері (ЮНФПА), 2005 ж.). Жасөспірім аналардың салмағы жетіспейтін сәбиді дүниеге әкелу, жеткіліксіз тамақтану және қан аздығы ықтималдығы неғұрлым жоғары, бұл жас аналар есейген кезде жатыр мойнының қатерлі ісігінің дамуына бейім болады. Бұған қоса, ерте бала туу акушерлікпен байланысты болатын терең жарамен, әйелдерді кіші дәретін ұстай алмауға, мүгедектікке, сол сияқты созылмалы ауруларға алып келетін әлеуметтік тұрғыдан оқшаулануға және денсаулығының бұзылуына алып келуі мүмкін. Бүкіл әлемде бала туу көбінесе әйелдердің жалпы туу деңгейінің жоғарылауына, дамудағы жіберіп алған мүмкіндіктерге, шектеулі өмірлік мүмкіндіктерге және денсаулық жағдайының нашарлауына алып келеді.

Ерте жүктіліктің алдын алу ұрпақтан – ұрпаққа ауысып келе жатқан қазір де бар қолайсыз жағдайларды азайтады.

Бұл көрсеткіш ерекше қызығушылық туғызады және ол қалалар мен аудандарда жасөспірімдердің қажет емес жүктілік оқиғаларын азайтуға бағытталған репродуктивті денсаулығын қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау үшін қолданылады.

Анықтау	Осы топтағы 1 000 әйелге шаққанда жылына 15–17 жас тобындағы жасөспірім қыздар арасындағы туу.
Есеп	Алымы: 15–17 жас тобындағы жасөспірім қыздар арасындағы тірі туылған балалар саны Бөлімі: 15–17 жас тобындағы жасөспірім қыздардың жалпы саны Есеп: 15–17 жас тобындағы жасөспірім қыздар арасындағы тірі туылған балалар саны ÷ 15–17 жас тобындағы жасөспірім қыздардың жалпы саны) × 1000.

6 100 000 БАЛАҒА ШАҚҚАНДА 18 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР АРАСЫНДА ОРЫН АЛҒАН СУИЦИД САНЫ

ДДСҰ «өзін-өзі өлтіру» ұғымына адамның алдын ала ойластырып, өлімге әкелетінін толық сезініп немесе оның өліммен аяқталуын күтіп, қасақана жасаған әрекеті деген анықтама береді. *Аталған көрсеткішті есептеу үшін соңы өлімге әкеп соққан өзін-өзі өлтіру ғана назарға алынады. Өзіне-өзі қол жұмсауға әрекет ету немесе өзін-өзі өлтіру аяқталмаған жағдай есепке алынбайды.*

Өзіне-өзі қол жұмсау – біреу өзін-өзі өлтіргісі келген оймен әрекет еткенде болатын

жағдай, өйткені ол өте ауыр эмоционалдық ауруды, жанын қатты жаралайтын сезімдерді немесе күйзеліске әкеп соғатын жеке басындағы жағдайды жеңе алмайды. Суицид тұтастай ықпал етуші алуан түрлі факторлардың бірқатарға қойылатын соңғы нүкте болуы мүмкін және ол күйзеліс, биополярлық бұзылыс, жеке тұлғаның көңіл-күйінің болмауы, шизофрения және токсикомания сияқты ауруларды қоса алғанда, көптеген аурулармен тығыз байланысты. Солай бола тұрса да, психикалық ауру біреудің өзін-өзі өлтіруінің себебі болып табылмайды. Бұл психикалық аурудың, ауыр күйзелістің, психологиялық жабырқаудың және басқа да факторлардың жиынтығы.

АҚШ-та жасөспірімдер суицидін жас жеткіншектер арасындағы өлімнің үшінші негізгі себебі болып табылады. Суицидтік әрекеттердің жиілігі жасөспірім жастың ортасында шегіне жетеді, ал өзіне-өзі қол салу нәтижесіндегі өлім-жітім көрсеткіші жасөспірімдер арасында артып отыр әрі ол жасөспірім кезеңдегі өлім-жітімнің негізгі себептерінің бірі болып табылады.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес мектептерде, отбасында және тұрғылықты жері бойынша қорғаушы факторларды күшейту, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын сақтау бойынша көрсететін қызметтердің сапасын арттыру өлімнің мөлшерін азайтып, қаламыздың, жалпы алғанда еліміздің әлеуметтік капиталын арттырады.

Суицид, суицидтік мінез-құлық және өзін-өзі өлтіруге әрекет жасау туралы мәліметтер жастармен, отбасылармен, қоғаммен, мемлекеттік органдардың басшыларымен, денсаулық сақтау және білім беру саласындағы мамандармен жұмыс жасауға бағытталған кешенді профилактикалық бағдарламаларды дайындау үшін пайдаланылады.

Анықтау	100 000 балаға шаққанда 18 жасқа дейінгі балалар арасында суицид саны
Есеп	Алымы: 18 жасқа дейінгі балалардың өзіне-өзі қол салуы нәтижесінде өлім-жітім саны Бөлімі: 18 жасқа дейінгі балалардың жалпы саны Есеп: 18 жасқа дейінгі балалардың өзіне-өзі қол салуы нәтижесіндегі өлім-жітім саны ÷ 18 жасқа дейінгі балалардың жалпы саны × 100 000.

7 100 000 БАЛАҒА ШАҚҚАНДА 14–17 ЖАСТАҒЫ ҚЫЛМЫС ЖАСАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ САНЫ

Көрсеткіш қайталанатын қылмыс санын емес, құқық бұзушылардың санын бағалайды.

Жасалған қылмыс кінәлі екенін мойындауға немесе қылмыс жасауға қатысқанын мойындауға негізделеді.

Бала құқықтық жүйеге сәйкес заңмен жазаланатын қандай да бір әрекетті жасай отырып, қылмыс жасайды.

Кең таралған қылмыс санаттарына мыналар жатады:

- ауыр емес (бұзақылық, мысалы төбелеске қатысу)
- ауыр (ұрлық, тонау)

- аса ауыр (адам өлтіру, адам өміріне қастандық жасау, шабуыл жасау, сексуалдық зорлық-зомбылық, зорлау).

Көрсеткішті жынысына, этникалық тиістілігіне, қылмыс түріне қарай және т.б. жіктеуге болады. Алынған мәліметтердің жасөспірімдер тарапынан жасалған қылмыстардың (қылмыстардың қайталануын азайту есебінен немесе бірінші кезекте балалардың заңға қарсы шығуын болдырмау арқылы) алдын алуды күшейту және балалардың жалпы құқығын қамтамасыз ету үшін шешуші мәні бар.

Қылмыстың алдын алудың бірнеше деңгейлері бар:

- **қылмыстың бірінші рет алдын алуы** кәмелеттік жасқа толмағандар жасайтын құқық бұзушылықтардың түпкі себептерін жоюға бағытталады. Бұл кедейлік, қаңғыбастық, жұмыссыздық және мектепке бармау, сондай-ақ ата-аналардың өз балаларына қамқор бола алмауы (әсіресе «әл-ауқат жағдайы төмен» отбасылар мен әлеуметтік қолдаудан айырылған отбасылар). Қылмыстың бірінші рет алдын алудың мақсаты барлық балалар үшін қамқор орта құру болып табылады;

- **қылмыстың екінші рет алдын алуы** жекелеген адамдардың заңсыз немесе әлеуметтік тиімсіз әрекетке қатысуын болдырмау үшін, бұл адамдарды жоғары қатер тобынан бөліп алуға бағытталады. Жалпы тәсіл «қатер тудыратын топтың» балаларын полицияға тіркеуде көрінеді (мысалы, «қиын» отбасылардың балалары немесе мектепке барғысы келмейтін балалар). Мақсаты: мұндай балалардың мінез-құлқын байқау және олардың болашақта қылмыс жасауының алдын алу;

- **қылмыстың үшінші алдын алуы** жастардың қоғамдағы өмірге қайта бірігуі үшін оларды босатуға және ұзақ мерзімді қолдаумен қамтамасыз етуге дайындауға бағытталады.

Жасөспірімдердің қылмыс жасау деңгейін төмендету үкімет пен адам құқығы саласындағы стандарттарды іске асыруға бағытталған халықаралық ұйымдардың жалпы міндеті болып табылады.

Аталған көрсеткіш балаларға арналған әділсот саласындағы қызметтер мен қылмыстардың алдын алу бағдарламаларын жоспарлау және әзірлеу үшін қолданылатын мәліметтер ұсынады. Оны сонымен қатар қылмыс санаты және жасы сияқты факторларға жіктеуге болады.

Анықтау	100 000 балаға шаққанда 14–17 жас аралығындағы қылмыс жасаған балалар саны.
Есеп	Алымы: 14–17 жас аралығындағы қылмыс жасаған балалар саны Бөлімі: сол кезеңдегі (1 жыл) 14–17 жастағы балалардың жалпы саны Есеп: 14–17 жас аралығындағы қылмыс жасаған балалар саны ÷ 14–17 жас аралығындағы жалпы бала саны × 100 000.

8 100 000 БАЛАҒА ШАҚҚАНДА БАЛАЛАРҒА ҚАРСЫ ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫС САНЫ

18 жасқа толмаған адамдарға қатысты жасалған барлық қылмыстар, сондай-ақ ұлттық заңнамада белгіленгендей, балаларға қатысты жасалатын қылмыс болып саналатын әре-

кеттер (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 2-тарауы «Отбасы және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар»). Көрсеткіш балаларды қорғау жүйесінің жұмыс жасау деңгейін өлшейді. Сәйкесінше жұмыс жасайтын жүйе істерді анықтауы, мәлімдеуі, тергеуі және тиісті қолдау ұйымдары мен қызметтеріне тапсыруы қажет.

Көрсеткішті жасы, жынысы, этникалық тиістілігі және қылмыс түрі бойынша жіктеуге болады.

Көрсеткіш балаларды қорғауға қатысты Бала құқықтары туралы конвенцияны бұзу дәрежесінің сандық бағасын береді және тиісті саясат пен бағдарламаларды әзірлеудің соңғы сатысы болып табылады.

Анықтау	Қылмыстың құрбаны болғаны туралы ресми мәлімделген 18 жасқа дейінгі балалардың 100 000 балаға шаққандағы саны.
---------	--

Расчет	<p>Алымы: Қылмыс құрбаны болғаны туралы ресми мәлімделген 18 жасқа дейінгі балалардың 100 000 балаға шаққандағы саны.</p> <p>Бөлімі: 18 жасқа дейінгі балалар саны.</p> <p>Есеп: Қылмыстың құрбаны болғаны туралы ресми мәлімделген 18 жасқа дейінгі балалардың 100 000 балаға шаққандағы саны ÷ 18 жасқа дейінгі балалар саны × 100 000 бала.</p>
--------	---

9 100 000 БАЛАҒА ШАҚҚАНДА ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫ САЛДАРЫНАН БОЛҒАН БАЛАЛАР ӨЛІМ-ЖІТІМІ ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ САНЫ (жазатайым оқиғалар, улану және жарақат алу салдарынан болған өлім-жітім оқиғаларынан бөлек)

Қоршаған орта және денсаулық сақтау саласындағы Еуропа ақпараттық жүйесіне сәйкес (ENHIS) жол-көлік оқиғалары 5–14 және 15–29 жас аралығындағы балалар арасындағы өлімнің негізгі себебі болып табылады. Өлім жол апаты немесе жол апатынан кейінгі 30 күнмен тікелей байланысты.

Балалар мен жас адамдардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғалары олардың ерте өліп қалумен байланысты өмір сүрмеген жылдарының біршама мөлшеріне және көбінесе тірі қалғандар арасында ауыр әрі өмір бойы мүгедек болып қалуына байланысты қоғам шығындары жоғары болуына әкеп соғып отыр. Бұл құрбандар мен олардың отбасыларының өмірі үшін және жұмысқа қабілеттілігінен айырылу апаттық салдарларымен қоса қоғамға қымбатқа түсіп отыр: алдын ала есептеулер жол-көлік оқиғаларынан келетін шығынның жалпы ішкі өнімнің шамамен 2 %-н құрайтынын көрсетіп отыр.

Мемлекет пен азаматтық қоғамның біріккен күшінің арқасында, сондай-ақ қауіп-қатердің негізгі факторларынан өту үшін тиімді шараларды іске асыру арқылы және жол қозғалысының қауіпсіз әрі жан-жақты жүйесін құруды қамтамасыз ету өлім-жітімнің алдын алуға мүмкіндік береді.

Көрсеткішті жас топтарына және жол-көлік оқиғаларының түрлеріне қарай жіктеуге болады (жаю жүргінші, автокөлікте келе жатқан адам, жүргізуші/жолаушы, мотоцикл жүргізуші, велосипед жүргізуші). Көрсеткіш жол-көлік оқиғаларының санын азайтуға

бағытталған шаралардың әсері мен тиімділігін көрсетеді.

Бұл көрсеткіш қатер деңгейін және соған сәйкес жол жобалауды жақсарту, жол қозғалысын және көлік қауіпсіздігін басқару бойынша бағдарламаларға әсері мен қажеттілігін сипаттайды.

Анықтау	Жол-көлік жарақаты нәтижесінде 18 жасқа дейінгі балалардың 100 000 балаға шаққандағы өлім-жітімінің саны.
---------	---

Расчет	<p>Алымы: Жол-көлік жарақаты нәтижесінде 18 жасқа дейінгі балалар өлімінің жалпы саны.</p> <p>Бөлімі: 18 жасқа дейінгі балалар саны.</p> <p>Есеп: Жол-көлік жарақаты нәтижесінде 18 жасқа дейінгі балалар өлімінің жалпы саны ÷ 18 жасқа дейінгі балалардың жалпы саны) × 100 000.</p>
--------	---

10 100 000 БАЛАҒА ШАҚҚАНДА ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ, УЛАНУ МЕН БАСҚА ДА ЖАРАҚАТТАРДЫҢ САЛДАРЫНАН БОЛҒАН БАЛАЛАР ӨЛІМ-ЖІТІМІ ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ САНЫ (ЖКО салдарынан болған өлім-жітім оқиғаларынан бөлек)

Кенеттен болған жарақаттар 5–19 жастағы балалар өлімінің негізгі себебі болып табылады. Мұнымен қоса, жарақат алған балалар аурухана жағдайындағы күтімді қажет етеді. Олардың көпшілігі қалған бүкіл өміріне әсер ететін белгілі бір мүгедектік түріне шалдығады. Ауру деңгейі балалар арасында тегіс тарамайды, кедей отбасының балалары қауіп-қатерге көбірек шалдығады. Кедейлікпен байланысты қауіп-қатер түрлерінің бірі қауіпсіз емес орта болып табылады. Мысалы, ойын ойнау үшін қауіпсіз аймақтың болмауы, қанаты жоқ баспалдақтар, құлпы жоқ есіктер мен терезелер сияқты қауіпсіз емес құрылғылары бар үйлерде тұру және т.б.

Аталған көрсеткіш балалардың үйде және қоршаған ортадағы қауіпсіздігі үшін қауіп-қатердің жалпы деңгейін және соған сәйкес балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламалардың қажеттілігін сипаттайды.

Анықтау	Жазатайым оқиға, улану, жарақат алу салдарынан 18 жасқа дейінгі балалардың 100 000 балаға шаққандағы өлімжітімінің мөлшері.
---------	---

Расчет	<p>Алымы: Жазатайым оқиға, улану, жарақат алу салдарынан 18 жасқа дейінгі балалар өлім-жітімінің жалпы саны.</p> <p>Бөлімі: 18 жасқа дейінгі балалар саны.</p> <p>Есеп: Жазатайым оқиға, улану, жарақат алу салдарынан 18 жасқа дейінгі балалардың өлім-жітімінің жалпы саны ÷ 18 жасқа дейінгі балалардың жалпы саны) × 100 000.</p>
--------	--

11 ЖЕКЕЛЕГЕН АУАНЫ ЛАСТАЙТЫН ЗАТТАРДЫҢ ОРТАША ЖЫЛДЫҚ КОНЦЕНТРАЦИЯСЫ

Өлшенген бөлшектердің көлемі балалар мен ересек адамдардың денсаулығына қатерлі салдарлармен тығыз байланысты¹⁷. Бөлшектердің мөлшері денсаулыққа қауіп төндіру деңгейіне тікелей қатысты. Диаметрі 10 мкм-ден аз ұсақ бөлшектер ерекше әсер етеді, өйткені мұндай бөлшектер өкпе мен жүрекке әсер етеді. Қалалардың балаларға мейірімділігін бағалау үшін іріктелген ұсақ бөлшектердің құрамына: диаметрі 2,5 микрометрден артық және 10 мкм-ден кем «ірі бөлшектер» (мысалы, жолдың жанынан немесе шаң өндірістердің жанынан табуға болады); және диаметрі 2,5 мкм-ден аз «ұсақ бөлшектер» (түгіндегі және тұмандағы бөлшектер сияқты) жатады.

Көптеген ғылыми зерттеулер ластаушы бөлшектердің ықпалын түрлі проблемалармен, оның ішінде жүрек және өкпе аурулары бар адамдардың ерте өлімі, өлімге әкеп соқпайтын инфаркт, жүрек аритмиясы, демікпе, өкпе қызметінің нашарлауы, тыныс алу жолдарының тітіркенуі, жөтел және ауыр тыныс алумен байланыстырады. Жүрегі және өкпесі ауыратын адамдар, балалар және қарияларға ластаушы бөліктер кері әсерін тигізеді.

Қорғасын әрбір органға және организмдегі жүйеге әсер етеді. 6 жасқа дейінгі балалар қорғасынның әсеріне өте сезімтал келеді. Бала қанындағы қорғасынның ең төмен деңгейінің өзі мінез-құлық пен оқудағы проблемаларға, яғни IQ төмендеуіне, гипербелсенділікке, өсуінің тоқтауына, есту қабілетінің бұзылуы және анемияға шалдықтыруы мүмкін. Көп уақыт өткен соң қорғасын кальциймен бірге сүйекте сақталады. Жүктілік кезінде қорғасын сүйектен аналық кальций ретінде босап шығып, баланың сүйегін қалыптастыруда пайдаланылады. Бұл әсіресе тағамында кальций жетіспейтін әйелдерге қатысты. Қорғасын плацентарлық кедергіден өтіп, балаға да кері әсерін тигізеді. Бұл ана және дамып келе жатқан бала үшін өте қауіпті, ол баланың дамуын тоқтатып, ананың уақытынан ерте босануына әкеп соғады.

Азот тотығының адамдар мен қоршаған ортаға әсері көп. Ол өзінің жоғары химиялық белсенділігінің арқасында ауадағы басқа қоспалармен реакцияға түседі де тұмша мен қышқылдардың түзілуіне ықпал етеді. Адамның денсаулығындағы проблемалар: тыныс алу және тыныс алу жүйесіндегі проблемалар, өкпе тінінің зақымдалуы және уақытынан ерте өлім.

Ғылыми дәлелдемелер **күкірт қос тотығының** 5 минуттан 24 сағатқа дейінгі қысқа мерзімді әсерін бронхтың жиырылуы және демікпе белгілерінің күшеюі сияқты тыныс алу органдарына жағымсыз әсерімен байланыстырады. Бұл салдарлар демікпемен аураушылар үшін жоғары қарқынды желдету кезінде (мысалы жаттығулар жасау немесе ойын әрекеті кезінде) әсері ерекше. SO₂ ауадағы басқа да қосылыстармен әрекетке түсіп ұсақ зиянды бөліктерді түзеді. Бұл бөліктер өкпенің сезімтал бөліктеріне тереңдей түседі де эмфизема және бронхит сияқты респираторлық ауруларды туғызады немесе нашарлатады, сондай-ақ жүрек ауруларын да асқындырады.

Көмір қышқылы (CO) денсаулыққа органдар мен дене тіндеріне (мысалы, жүрек пен миға) оттегін жеткізуді төмендетіп, зиянды әсер етеді. CO деңгейінің өте жоғары болуы өлімге әкелуі мүмкін. CO әсері оттегін тасымалдау бойынша қан функциясын төмендетеді. Жүрек ауруының кейбір типтері бар адамдарда жүректерінде оттегімен байытылған қанды айдау қабілеті төмен болады да, соның салдарынан миокард ишемиясы дамиды (жүрекке құрамында оттегі аз қан жеткізу), оның белгілері жаттығулар жасағанда не болмаса күйзеліс кезінде кеуде тұсы ауырады (стенокардия). Бұл адамдарға CO қысқа мерзімді әсер етуі салдарынан жаттығу жасау немесе дене-күш жүктемесі кезінде оттегі-

ге қажеттілігі артқанда олардың ағзаларының әрекет ету қабілетіне де кері әсер етеді.

Өлшенген бөлшектердің көлемі ауаны ластаушы болып табылады және балалар денсаулығының зардаптарымен тығыз байланысты. Ауаны ластаушылар әсерінен балалардың қорғана алмаушылығы олардың өмірінің алғашқы жылдарында көбірек. «Казгидромет» РМК мәліметтеріне негізделген көрсеткіш балалардың экологиялық денсаулығы бағдарламалары аясында басым болып табылатын қоршаған орта/таза ауа бойынша бағдарламалардың әсерін сипаттайды және бақылайды. Жеке ластаушы заттардың деңгейлері қала немесе аудандағы тұрғындарды, әсіресе балаларды қорғауға бағытталған нақты шаралар жүргізудің қажеттілігін анықтайды.

Анықтау	Қала атмосферасындағы ластаушы заттардың орташа жылдық концентрациясы: күкірт қос тотығы, азот қос тотығы, көміртегі қос тотығы, өлшенген заттектер, қорғасын.
---------	--

Есеп	«Казгидромет» РМК есептеп берген мәліметтер дайын есеп түрінде ұсынылады.
------	---

12 ТАБЫСЫ ЕҢ ТӨМЕН КҮНКӨРІС ДЕҢГЕЙІНЕН ДЕ ТӨМЕН ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНДА ТҰРАТЫН БАЛАЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ

Көрсеткіш балалар тап болатын кедейлік деңгейін және олар әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан өздерін аласталған, бәрінен тыс қалған адамдай сезінетін деңгейді бағалауға қолданылады. Ол сол қалада және сол қоғамда қалыпты деп есептелетін экономикалық мүмкіндіктерден тыс қалған балалардың пайызын көрсетеді.

Экономикалық тұрғыдан тыс қалу балалардың жақсы өмір сүруіне кері әсерін тигізіп, ата-аналардың балаларын тәрбиелеу қабілетін әлсіретеді, ата-аналардың өз балалары үшін тұрақтылықты қамтамасыз ету, оларды қарау және өз балаларының танымдық дамуына ықпал ету қабілетін төмендетеді.

Тұрақты кедейлік IQ деңгейіне, мектептегі оқу үлгеріміне және әлеуметтік-эмоционалдық жағдайына ықпал етеді.

Тұтыну табысының деңгейі ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен отбасыларда тұратын балалардың көптігі тұрғындардың мұндай жіктері үшін білім беру және әлеуметтік қолдау саласында бағдарламалар әзірлеу қажеттігін көрсетеді.

Көрсеткіш есебі үшін қолданылатын негізгі терминдер:

Отбасы: әдетте бір шаңырақ астында тұрып, бірге тамақтанатын немесе үйдегі ортақ тағамды бөлісіп жейтін, туыстық қарым-қатынасы болуы міндетті емес тұлғалар жиынтығы.

Ең төмен күнкөріс деңгейі: құнының шамасы бойынша ең төмен тұтыну себетіне тең болатын халықтың жан басына шаққандағы қажетті ең төмен ақшалай табысы.

Экономикалық тұрғыдан тыс қалу ата-аналардың балаларына тиісті тамақты,

¹⁷ «Ауа ластануының денсаулыққа әсері туралы мәліметтерге шолу» Қоршаған орта және денсаулықты қорғау жөніндегі БДҰ Еуропалық орталығы, 2013 ж.

баспана мен күтімді, даму үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз ету мүмкіндіктерінің төмендеуі есебінен балаларың әл-ауқатына әсер етеді.

Тұрақты кедейлік IQ деңгейіне, мектептегі оқу үлгеріміне және әлеуметтік-эмоционалдық жағдайына ықпал етеді.

Анықтау	Тұтыну табысының деңгейі ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен үй шаруашылықтарындағы балалардың үлесі.
Есеп	<p>Алымы: Тұтыну табысының деңгейі ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен үй шаруашылықтарындағы балалар саны.</p> <p>Алымы: 18 жасқа дейінгі балалардың жалпы саны.</p> <p>Есеп: Тұтыну табысының деңгейі ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен отбасыларында тұратын 18 жасқа дейінгі балалар саны ÷ 18 жасқа дейінгі балалардың жалпы саны × 100%.</p>

13 ИНТЕРНАТ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ЖЕТІМ БАЛАЛАР МЕН АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАР САНЫ, 1000 БАЛАҒА ШАҚҚАНДА

Көрсеткіш балаларға күтім жасаудың институционалдану ауқымын өлшейді және кері институционалдану бойынша бағдарламаларды әзірлеу қажеттілігін анықтайды.

Интернат мекемелеріндегі балалар осал топ болып саналады: олар басын қатерге тігуге бейім мінез-құлқымен ерекшеленеді.

Мұндай балалардың төмен деңгейлі білім алуы, жұмыссыз болуы және жасөспірім шағында ата-ана болып қалуы мүмкін.

Балалар мен жастарға тәрбие, білім беру және медициналық қызмет ұсынатын мемлекеттік және жеке меншік мекемелердің түрлері:

Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған балалар үйлері;

- Балалар үйі;
- Отбасылық типтегі балалар үйі;
- Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттар;
- Жетім балаларға және ата-ана қамқорлығынсыз қалған мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған басқа мекемелер;
- Отбасылық типтегі балалар ауылдары;
- Жастар үйлері;
- Жетімханалар.

